

Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 288 "2020-2022 жылдарға арналған И. Білтабанов атындағы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 356 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 шілдеде № 7247 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 288 "2020-2022 жылдарға арналған И. Білтабанов атындағы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6677 тіркелген, 2020 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "37 049,0" сандары "37 388,9" сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

салықтық емес түсімдер бойынша – "0,0" сандары "71,9" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімдері бойынша - "35 986,0" сандары "36 254,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында

шығындар – "37 049,0" сандары "37 388,9" сандарымен ауыстырылсын.

3 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"3. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

6 тармақта:

1) тармақша алынып тасталсын;

7 тармақта:

1) тармақша тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1) аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қобда аудандық мәслихатының
сессия төрағасы

Б. Толыбаев

Қобда аудандық
мәслихатының хатшысы

Ж. Ергалиев

Қобда аудандық мәслихатының 2020
жылғы 30 маусымдағы № 356
шешіміне қосымша

Қобда аудандық мәслихатының 2020
жылғы 8 қаңтардағы № 288 шешіміне 1
қосымша

2020 жылға арналған И.Білтабанов атындағы ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	37388,9
1			Салықтық түсімдер	1063,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1063,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	13,0

		3	Жер салығы	100,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	950,0
2			Салықтық емес түсімдер	71,9
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	71,9
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	71,9
4			Трансферттердің түсімдері	36254,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	36254,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	36254,0

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	
1	Кіші функция		4	Атауы		
	2	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		3				Бағдарлама
1	2	3	4	5	6	
				II. Шығындар	37388,9	
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	13398,0	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	13398,0	
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13398,0	

			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13288,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	110,0
04				Білім беру	21972,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	21972,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21972,0
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	21972,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	860,9
	3			Елді-мекендерді көркейту	860,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	860,9
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	660,9

			011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	200,0
12				Көлік және коммуникация	1158,0
	1			Автомобиль көлігі	1158,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1158,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	158,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	1000,0
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы	0

				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
--	--	--	--	---	---

Функционалдық топ					
1	Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы (мың теңге)
	2	3	Бағдарлама		
			4	Атауы	
5	6	7	8	9	10
8				Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0